

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылған деп тану туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1997 жылғы 4 сәуірдегі N 485

"Қазақстан Республикасының Ұлттық академиялық аграрлық зерттеулер орталығының ғылыми ұйымдары мен тәжірибе шаруашылықтары желілерін жетілдіру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 31 қазандағы N 1332 қаулысын орындау үшін және "Қазақстан Республикасының Ұлттық академиялық аграрлық зерттеулер орталығының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 9 желтоқсандағы

N 1502

P961502_

қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1996ж.,
N 51, 490-құжат) сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметі қаулы етеді:

Қоса беріліп отырған тізбеге сәйкес Қазақстан Республикасы
Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылған деп танылсын.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

1997 жылғы 4 сәуірдегі

N 485 қаулысына

қосымша

Қазақстан Республикасы Үкіметінің күші

жойылған кейбір шешімдерінің

ТІЗБЕСІ

1. "Қазақ ауыл шаруашылығы ғылым академиясын ұйымдастыру мәселелері" туралы Қазақ ССР Министрлер Кабинетінің 1991 жылғы 17 сәуірдегі N 240 қаулысы (Қаз ССР ҚЖ, 1991 ж., N 11, 73-құжат).

2. "Одақтық және республикалық бағыныстағы ғылыми-зерттеу мекемелерін Қазақ ауыл шаруашылығы ғылым академиясының құрамына беру туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1992 жылғы 9 қаңтардағы N 15 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1992 ж., N 1, 13-құжат).

3. "Қызылорда ауыл шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтын Арал өңірі агроэкология және ауыл шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты етіп қайта құру туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 21 наурыздағы N 310 қаулысының 6-тармағы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1995 ж., N 10, 115-құжат).

4. "Шығыс Қазақстан Ауыл шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтын ұйымдастыру туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 31 наурыздағы N 378 қаулысының 6-тармағы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1995 ж., N 11, 131-құжат).

5. "Атырау ауыл шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтын ұйымдастыру туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 5 мамырдағы N 626 қаулысының 7-тармағы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1995 ж., N 17, 189-құжат).